

ИНДИКАТИВТІ ЖОСПАР ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАЙДЫ

СТРАТЕГИИ СОВЛАДАНИЯ СО СТРЕССОМ

Сейчас мир меняется быстрыми темпами. И в эпоху перемен на наших глазах возникает новая глобальная реальность с иными возможностями и рисками. Постоянное проявление заботы о здоровье людей стало тенденцией в государственной политике страны. В кодексе «О здоровье и системе здравоохранения», одобренном 11 июля 2009 г. на пленарном заседании Сената Парламента подчеркивается, что здоровье народа – гарантия стабильности и процветания государства. И Президент РК Н. А. Назарбаев выдвигает на первый план здоровье народа, которое является главным условием и определяющим фактором для достижения стратегических задач на 2020 г.г.

Продолжение на 4 стр.

Кезекті ректорат отырысындағы басты тақырып – факультеттер мен кафедралардың индикативті жоспарды орындау көрсеткіші болды. Жиында механика-математика факультетінің деканы Мақтағали Бектемесов пен биология және биотехнология факультетінің деканы Болатхан Заядан өз факультеттеріндегі жоспардың орындалу жайынан хабар берді.

Алдымен, мінбеге механика-математика факультетінің деканы М.Ә.Бектемесов көтерілді. «2015-2016 оқу жылындағы алғашқы жарты жылдықта индикативті жоспарды жүзеге асыруда біздің ұжым асқан белсенділік танытты. Республика бойынша ғылыми дәрежесі жоғары факультетте бірінші оқу семестрінде ғылыми бағытта жоспарланған жұмыстар толықтай дерлік орындалды. Шетелдік студенттерді оқыту, академиялық ұтқырлықпен шет мемлекетке өз студенттерімізді жіберуде де жұмыс қарқыны жақсы деңгейде. Механика-математика факультетінде ағылшын тілінде 299 пән оқытылады. Шетелдік студенттерді оқыту бағдарламаларын жасау жұмыстары 65 %-ға, қос дипломдық білім беру жұмыстары 100%-ға іске асты», – деді декан өз баяндамасында. Ол факультет деңгейінде өткен әлеуметтік шаралар, ғылыми бағытта орын алған байқаулар, республика көлемінде өткен сынақтарда механика-математика факультетінің жеткен жетістіктері мен атқарған шараларын айтып өтті. Осы факультетті индикативті жоспар талабына сәйкес сала бойынша бағалауда университеттің әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Ш.Е. Жаманбалаева сөз алып: «Механика-математика факультеті университетіміздегі ғылыми бағытта өте жоғары дәрежеде дамып келе жатыр. Сонымен қатар бұл ұжымда куратор-эдвайзерлер өз жұмыстарын тыңғылықты атқарады. Студенттермен байланыс тығыз жүзеге асуда. Жатақханадағы тәртіп қадағаланып, тазалық сақталады», – деп, жоғары баға берді.

Өз кезегінде биология және биотехнология факультетінің деканы Б.Қ. Заядан индикативті жоспардың орындалу деңгейін айта отырып, әр бөлімге кенінен тоқталып өтті. Оқу жүйесіндегі көзделген жұмыстардың атқарылуы, ғылыми даму, халықаралық байланыс, әлеуметтік жағдай, студенттер мен куратор-эдвайзерлер арасындағы қарым-қатынас, шетелдік студенттерді қамтамасыз ету, қос диплом және жұмыспен қамту санды

бөлімдерге ерекше ден қойды. Ол өз баяндамасында: «Биология және биотехнология факультеті оқу жүйесін бағалаушы индикативті жоспарды жүзеге асыру бойынша өзге факультеттермен салыстырғанда өте жақсы көрсеткішке қол жеткізді деп ойлаймын. Біздің факультет 3-орынға табан тіреді. Бұл – факультет ұжымы еңбегінің жемісі. Біз қол жеткен көрсеткіштермен тоқтап қалмаймыз. Осы қарқынмен одан әрі жұмысымызды жалғастыра береміз», – деді. Оқу үдерісі бойынша жоғары дәреже көрсеткен бұл факультетке сала мамандарының бәрі бірауыздан «өте жақсы» деген баға берді.

Осылайша, күн тәртібіндегі мәселеден соң ректорат мүшелері ақпараттық технологиялар және инновациялық даму институтының директоры Ж.Ж. Мамықованың Webometrics I-2016 рейтингісінің қорытындылары және рейтингте университет сайтын алға жылжыту жолдары, қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінің деканы Ж.А. Қалматаеваның Оңтүстік Кореяға іссапары, Түріксоy кафедрасының меңгерушісі А.Ә. Тұрғанбаевтың Түркияға іссапары, бірінші проректор М.М. Бүркітбаевтың ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Д.Н. Назарбаеваның қатысуымен өткен ҚР БҒМ-ның алқа отырысы туралы хабарламаларымен таныс болды.

Жиын барысында механика-математика факультетінің 1,2-курс магистранттарына, химия және химиялық технологиялар факультетінің 4-курс студенттеріне, филология және әлем тілдері факультетінің қос білімгеріне арнайы шәкіртақылар тағайындалды. Сонан соң ректорат мүшелері биология және биотехнология факультетінің деканы Болатхан Қазыханұлын 55 жас мерейтойымен және плазма физикасы, компьютерлік физика кафедрасының профессоры Кенес Болатқұлұлын 80 жылдық мерейтойымен құттықтап, К.З. Болатқұлұлы университет атынан «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» күміс медалімен марапатталды.

Қаламқас АМАНҚОСОВА

Мақсатымыз – Мәңгілік Ел

ҚР Президентінің 2015 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында Мәңгілік ел болудың әрі ұранын, әрі үндеуін, әрі бағытын, әрі мақсатын, әрі межесін айқындап берді. Мәңгілік ел барша қазақстандықтардың көздегені, кешегі ата-бабаларымыздың аңсаған арманының нышаны іспеттес. Өз қолыңмен отырғызған жас шыбығың көз талдыра қарайтындай биік әрі алып бәйтерекке айналу үшін, әр тұстан соққан кез келген дауылға қарсы тұратындай күшті болуы үшін, ең алдымен, тереңге жайылған мықты тамыры болуы шартты. Ол бәйтеректің әрбір бүршігінің атуына қазақстандықтардың әрқайсысы үлес қосуға міндетті. Мінеки, осы барша қазақстандықтардың мақсат-мұраты мен арман-тілегіне айналып келе жатқан Мәңгілік ел идеясына қол жеткізу тұрғысында көптеген іс-шаралар жоспарлы түрде іске асырылып келеді.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

ТӘРТІПКЕ
ШАҚЫРҒАН АПТАЛЫҚ



2-бет

ПАРАД В ЧЕСТЬ
ДНЯ РЕСПУБЛИКИ
ИНДИЯ



3-стр.

ҰЛТ ТАҒДЫРЫ –
ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ



4-бет

ТӘРТІПШЕ ШАҚЫРҒАН АПТАЛЫҚ

Әл-Фараби бабамыз айтып кеткен «Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы» деген қанатты сөздер күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ. Ұрпақ тәрбиесі, студенттердің құқығы, олардың қоғамдық белсенділігі қазіргі қоғамда да аса маңызды. Аталған дүниелердің бірі тұлғаның бойынан табылмаса, оның алған білімі өз жемісін бермесі анық.



тақырыбында әр факультетте кездесу болып өтті. Шараларға факультет басшылары, аға-оқытушылар, аға-кураторлар мен факультет студенттері қатысты.

Кездесулер барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ішіндегі ішкі тәртіп ережелерін сақтау, Студенттің ар-намыс кодексін өзара талқылау, жатақханадағы тәртіпті сақтау, емтихан кезіндегі құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері қозғалды.

Студенттер тарапынан көптеген сұрақтар қойылып, шешімін таппай

келген кей мәселелер қаралды. Талқылаулардан студенттер өз құқықтары жайында толыққанды мәліметтер ала алды. Ұйымдастыру шаралары кезінде білімгерлер алға қойған мақсаттарға жету жолында тәртіпті әрі тәрбиелі болу керектігін сезініп, ықылас-ризашылықтарын білдіріп жатты.

Марғұлан АҚАН,
Тәрбие жұмысы және тіл саясатын
ұйымдастырушылық-әдістемелік
қамтамасыз ету бөлімінің маманы

ҚАЗҰУ САЙТЫ КӨШ БАСТАДЫ

Испандық Cybermetrics Lab зерттеу тобы үздік 20 қазақстандық университет сайтының тізімін жариялады. Cybermetrics Lab зерттеу тобы құрастырған университет сайттары әлемдік рейтингінің қазақстандық бөлігінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің порталы көш бастап тұр.



Сарапшылар сайттарды бағалау кезінде порталдардың іздеу жүйелерінде анықталып шығуына, атап айтқанда, гиперсілтемелердің саны мен іздеу жүйелерінде көрінуіне баса назар аударған. Рейтинг жылына екі рет жарыққа шығады. Қаңтар мен шілде айының алғашқы 20 күнінде 24 мыңнан астам порталдар туралы мәліметтер жиналады. Құрастырушылардың негізгі мақсаты – білім беру бағдарламаларына сай университеттердің ғаламтордағы белсенділігін арттыруға ынталандыру. Ақпараттар көбіне Google және Google Scholar-дан келіп түседі.

Ал жаһандық рейтингде алғашқы орынды Гарвард университетінің сайты, екінші орынды Стэнфорд университетінің сайты, ал үшінші орынды Массачусетс технологиялық институты алғанын атап өту керек.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

МАҚСАТЫМЫЗ – МӘҢГІЛІК ЕЛ

Жалғасы. Басы 1-бетте



Мұхит Асанұлының «Қуатты Қазақстан – Ұлттық идея» доктринасы – осы жоспарға енген істердің бірі. Шара барысында дәріскер тыңдаушыларға «Ұлттық идея деген не? Зияткерлі ұлт деген қандай? Адам деген кім? Өмір мәні неде? Тәрбие, діл, рух, жан, бақыт деген не?» сынды жиі айтылса да мағынасына терең үніле бермейтін көптің көкейінде жүрген сұрақтарға толық жауап берді. Автор әлемдік ғылымда осы күнге дейін шешімі табылмай келген зияткерлі ұлт қалыптастыру тетігі – адам санасының логикалық жұмыс жүйесінің пирамидалық құрылымының голограммасы мен адам жанының психо-эмоционалдық құрылымына кеңінен түсініктеме беріп өтті.

М.А. Әуелбай: «Біз зияткерлі ұлт болуымыз қажет. Зияткерлі ұлт дегеніміз – білімді әрі тәрбиелі халық. Біздің міндетіміз – бүгінгі ұрпағымызға, алдымен, тәрбиені ұғындыру. Одан кейінгі мақсатымыз – өмір жан жетілу үшін берілген сынақ екенін түсініп, ақ пен қараны ажыратып, өмірге ақыл көзімен қарай білу арқылы кез келген жүйенің құрылымын дұрыс ұғынып, ізгі, оң шешім қабылдай алатын, санасы ашық,

даналықты меңгерген ұрпақ тәрбиелеу» деп жастарды тәрбиелі, одан кейін асқан білімді болуға шақырды. Бәсекелестіктің бағасы – білімде. Ілім үйреніп, ғылым зерттеуде ерекше ізденімпаздық танытқан кез келген тұлға қандай сында да бас бәйгені бермесі анық.

Аталмыш шара одан әрі адам ой санасының құрылымын бейнелеген голограммалық пирамиданың қыр-сырын түсіндірумен жалғасты. Осы тұрғыда дәріскер: «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру механизмі – тіл мен ділімізге, дәстүрлі рухани заңдылықтарға, заман талабына сай, ғылыми көзқараспен қарап, адам ой-санасының пирамидалық құрылымының голограммасын күнделікті өмірде дұрыс қолдана білу арқылы іске асады», – деп өз ойын ашық жеткізді. Бір жарым сағатқа созылған «Мәңгілік Ел» идеясын өзекті еткен дәріс тыңдаушы оқытушылар мен студенттер тарапынан жоғары бағаланды. Сондай-ақ жиын соңында Мұхит Асанұлы «Қуатты Қазақстан» қорының жетекшілігімен ұйымдастырылатын «Бір күнде бір жақсылық» атты акциясына қатысуға үндеді.

Қаламқас АМАНҚОСОВА

■ ҚЫСҚА-НҰСҚА

№9 Студенттер үйінде «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті Қасымова Роза Садыққызының ұйымдастыруымен тәрбиелік іс-шара өтті.

Шараға республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің әдебиет, сын бөлімінің меңгерушісі Бағашар Тұрсынбайұлы арнайы шақырылып, 1, 2-курс студенттерімен әдебиет, руханият һәм тәрбие хақында мағыналы әңгіме қозғады. Бағашар Тұрсынбайұлы жоба аясындағы кітаптардың бірсыпырасына тоқталып, студенттер үшін қызық әрі мағыналы шығармаларды атап өтті. Кездесу қонағы «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «Педагогика және психология» мамандықтарында оқып жатқан сіздер үшін 100 кітап жобасының пайдасы зор. Ертең шәкірттердің алдына барған кезде өз ойларыңызды толық, тиянақты жеткізуде, рухани тәрбие беруде көмегі зор. Бұл жоба ҚазҰУ студентінің жан-жақты болуы үшін жасалған стратегиялық бірегей бағыт», – деді.

Роза ҚАСЫМОВА,
педагогика және білім беру
менеджменті кафедрасының доценті

«Айналанды нұрландыр» жобасы аясында механика-математика факультетінің «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының 1-курс студенттері мен топ эдвайзерлері М. Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрына барып, Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» қойылымын тамашалап қайтты.

Университет табалдырығын жаңадан аттаған білімгерлерді театрдағы қойылым ерекше күйге бөледі. Қойылымда майданның барлық ауыртпалығын бастан кешкен ауыл адамдары, соның ішінде «халық жауы» атанып, айдауда кеткен отағасының аманаты – үш балапанын қалайда аман-есен жетілдіруді мақсат еткен Айшаның отбасы бейнеленеді. Алапат соғыс, ел ішіндегі аштық, шарасыздық. Бұл – жалғыз Айшаның тағдыры емес, ел тағдыры. Елдің өшпес өршіл рухы бұл жолы да жасампаз. Спектакль жеңіс үшін, өмір-тіршіліктің жалғасы үшін тылда жан аямай еңбек еткен барлық Ана мен баланың, кейуаналар мен ақсақалдардың ерен ерлігіне тағзым. Еліміздің басынан өткен тауқыметті бір сәтке жүрекпен сезінген жастар да оларға жеңіс үшін, бейбіт өмір үшін іштей алғыс айтып, көңілдеріне көп ой түйгені даусыз. Университет ректорының бастамасымен іске асып жатқан «Айналанды нұрландыр» жобасы студенттердің қоғамға деген сүйіспеншілігін, айналасына жақсылық жасау қабілетін арттыруға зор ықпал етуде.

Салтанат ӘДІЛЖАНОВА,
Бағила АЛИМБАЕВА,
информатика кафедрасының
аға оқытушылары

«TARZHIMAN CLUB» жас аудармашылар клубының ұйымдастыруымен «Жүз кітап» жобасы аясында «М. Мақатаев және көркем аударма» атты поэтикалық аударма кеші өтті.

Мұқағали ақынның өз дауысымен басталған кеш оның шығармашылығына арналған слайд-шоумен жалғасты. Болашақ аудармашылар М. Мақатаев аударған У. Шекспир сонетінің аудармасын талдады, ақынның жыл мезгілдеріне арналған өлеңдерін оқып, «Бүгін менің туған күнім» музыкалық қойылымын қойды. Кеш қонағы – ақынның қызы, ҚазҰУ-дың ұстазы Шолпан Мұқағалиқызы естеліктерімен бөлісті.

Кешке шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі Д. Қарағойшиева, профессор Ә. Тарақов, М. Жанабекова, А. Айтмұхамбетовалар қатысты.

Л.Ж. МҰСАЛЫ,
доцент

По данным мирового рейтинга сайтов университетов, составленного испанской исследовательской группой Cybermetrics Lab, портал КазНУ возглавил казахстанский раздел – ТОП-20 лучших сайтов вузов страны

Парад в честь Дня Республики Индия

Республика Казахстан, как суверенное государство строит свою политику взаимоуважения со всеми государствами мира. Это политика распространяется и на такую важную сферу как обороноспособность и безопасность государства. Министерством обороны РК налажено тесное военное сотрудничество со многими странами мира, в том числе и таким крупнейшим государством как Республика Индия.

На основании Меморандума, подписанного в июне 2015 г. о сотрудничестве в области образования и науки между военной кафедрой КазНУ и Национальным кадетским корпусом Индии, в конце прошлого года состоялся первый визит представителей вуза в Индию. Студенты военной кафедры университета Жанадил Талдыбаев и Байсултан Отарбаев (начальник военной кафедры полковник О. В. Ажимов) в составе группы из 9 человек побывали в Индии, чтобы закрепить свои знания по военной терминологии на английском языке, полученные на военной кафедре по специальности «иностранный язык». Во время поездки они стали переводчиками для командующего состава и студентов военных кафедр вузов Казахстана.

В январе текущего года состоялся повторный визит делегации в составе двенадцати студентов и двух офицеров с военных кафедр вузов Казахстана в честь Дня Республики Индия в Нью-Дели. В числе тщательно отобранных кандидатов оказались такие студенты военной кафедры КазНУ как Р. У. Камбаров, У. Б. Кенжегулов, А. К. Молдабеков, Н. Б. Омирзак во главе с курирующим преподавателем специальности, подполковником Б. Б. Смагуловой.

И на этот раз студенты военной кафедры КазНУ заняли передовые позиции не только в переводческой деятельности, где они были основными переводчиками первых лиц, но в вопросах

дисциплины и военной подготовки. Так студенту Р. У. Камбарову была оказана честь командовать сборным взводом казахстанской делегации. Руководство принимающей страны в лице полковника С. К. Прусти выразило огромную благодарность студентам-переводчикам: Руслану Камбарову, Арлену Молдабекову и Улану Кенжегулову.

Все иностранные студенты были размещены в учебном лагере национального кадетского корпуса. Кроме казахстанцев в лагерь прибыли делегации из России, Вьетнама, Непала, Бутана, Шри-Ланки и Бангладеш. Студенты, общаясь с представителями делегаций этих стран, смогли узнать много интересного об их традициях и обычаях.

Представители делегаций иностранных государств были приглашены принимающей страной на военный парад в честь Дня Армии и Дня Республики Индия. На нем приняли участие все роды войск Армии Индии, в том числе пограничные войска, женский батальон, колонны школьников, скаутов, народные танцоры, оркестры, каскадеры с рядом номеров на мотоциклах. Также здесь состоялись красочные выступления, представляющие индийские штаты.

Руководством Национального кадетского корпуса Индии была предусмотрена насыщенная культурная программа. В течение презентации представители делегаций восхищались колоритными национальными костюмами и их велико-



лепными танцами, которые рассказывали об истории развития стран Азии.

Приглашенные гости посетили главные туристические места в городе Нью-Дели: Национальный музей, Кутуб Минар, гробницу Хумаюна, Храм Лотоса и Агру, Джайпур, где смогли ознакомиться с одним из чудес света — памятником Тадж Махал. Также прошли торжественно-церемониальные встречи с высокопоставленными официальными лицами Индии: Президентом Республики Индия, Премьер-министром государства, Министром обороны, Начальником генерального штаба Армии Индии, а также Командующими сухопутных, морских и воздушных сил страны. В ходе встреч меня поразила простота, добродушие и гостеприимство индийского народа.

Выражаю уверенность, что наше сотрудничество по программе обмена даст толчок и динамику нашего продуктивного

сотрудничества в сфере военного образования между нашими странами, во благо и процветание Республики Казахстан и Республики Индия!

Хочется выразить огромную благодарность за работу, проводимую для развития международных связей между нашими странами Чрезвычайному и Полномочному Послу Республики Индия господину Харшу Кумару Джайну, военному атташе полковнику Л. Лидеру и директору Национального кадетского корпуса Индии генерал-лейтенанту А. Чакраварти за теплый прием нашей делегации.

Б. СМАГУЛОВА,
преподаватель военной кафедры КазНУ, подполковник

Каждый из нас знаком с принципом “Слово ранит острее ножа” в жизненной практике. И действительно, в современном мире очень важно уметь владеть словом как мечом и копьями в средневековое время.

ПОБЕДИТЬ НА СЛОВАХ

А представители Дебатного клуба КазНУ вот уже который раз на каждом словесном турнире защищают общегородской титул победителей. Перед началом семестра впервые прошел турнир по новому формату ПДК в университете КИМЭП, где участники в одиночку противостояли друг другу. В турнире приняли участие более 30 участников с разных вузов Алматы, таких как: КазНУ, КИМЭП, АЛМАУ, КБТУ и другие.

Спикеры из нашего университета стабильно были в пятерке лучших, беспощадно уничтожая на поле словесной битвы соперников. После отборочных раундов, четверти и полуфинала студент 4 курса юридического факультета КазНУ А. Жуманов одержал безоговорочную победу и выиграл кубок. “Я верил в свою победу и одержал ее!” — поделился впечатлениями Ануар.

Нина ДЕРЯБИНА

АУДАРМА ІСІ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ АРНАЛДЫ

Жуырда ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультеті шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының ұйымдастыруымен «Филология, лингводидактика және аударматану: өзекті мәселелері мен даму бағыттары» атты І халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференция өтті.



Конференцияның ашылу салтанатында алғашқы сөз филология және әлем тілдері факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірхан Әбдиманұлына берілді. Ол «Шетел филологиясы» мен «Аударма ісі» мамандықтары 2015-2016 оқу жылында жанадан тоғысып, жана бағытта қазіргі заман талаптарына сай оқытылып жатқанын тілге тиек етіп, конференция көтеріп отырған мәселелердің орта, арнаулы және жоғары оқу орындары оқытушылары үшін оқу үрдісінде ғылыми және әдістемелік тұрғыда тәжірибе алмасуда маңызды қадам екенін айрықша атап өтті.

Шара барысында ҚазҰУ-дың орыс тілі кафедрасын бірнеше жыл басқарған, қазіргі таңда Түркия елі Эскишехир қаласындағы Анатолийский мемлекеттік университетінің

профессоры, филология ғылымдарының докторы Зинаида Сәбитова «Олжас Сүлейменов шығармашылығының гипермәтіндік кеңістігін» зерттеуге арналған терең де мазмұнды тақырыптағы баяндамасын оқыды. Сонымен қатар осы университеттің оқытушысы Әмине Карабаджак Кюндем И.А. Крыловтың «A crow and a fox/ Түлкі мен қарға» мысалының әлем мәдениетіндегі әртүрлі аударылу нұсқаларының ерекшеліктерін салыстыра отырып, өз баяндамасын ағылшын тілінде жеткізді.

Ал «Алтын көпір» халықаралық аудармашылар байқауының жеңімпазы, белгілі қазақ прозасының аудармашысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Аслан Жамелұлы Жақсылықов ақын-жыраулар шығармашылығын аударудағы концептілерге тоқтала келіп, Асан Қайғы, Шалкиіз және

Махамбет жырауларда кездесетін анафора мен монорифмалардың мәнерлі де тұрақты сөз қалқаларын түзудегі кейбір ерекшеліктеріне тоқталды. Ол өз баяндамасында келтірілген аударманы мәтін түпнұсқасымен салыстырып, аударма мәселесінде кемшін кетіп жатқан тілдік құбылыстар туралы сөз қозғады.

Сондай-ақ шарада MacMillan баспа үйінің өкілі Назира Куратова, кафедраның аға оқытушылары, тәжірибелі оқытушы-әдіскерлер Татьяна Колесникова мен Алма Валиевалар сөз алып, өз тәжірибелерін ортаға салды.

ҚазҰУ-дың шет тілдер кафедрасының, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері, Іскерлік карьера және шет тілдер университеттерінің оқытушылары «Болашақ мұғалімдер мен аудармашыларды кәсіби даярлаудың теориясы мен әдістері», «Шетел тілдерін оқытудың заманауи технологиялары», «Әлемнің тілдік бейнесі мен мәдениаралық қарым-қатынас», «Аударманың жалпы теориялық және жеке мәселелері» атты секциялар бойынша баяндама жасап, өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Тіл білімінің қазіргі кезеңдегі мәселелерін арқау еткен конференцияда лингвистика мен лингводидактиканың даму деңгейін танытатын ғылыми ұғымдар мен түсініктер, аударма ісі, аударматануға қатысты теориялық және тәжірибелік еңбектердің аудармашының аудару техникасы мен технологиясына қаншалықты әсер етіп, үлес қосатыны тұрғысынан жарық көрген ғылыми еңбектер кенінен қамтылды. Қатысушылар назарына MacMillan баспа үйінің соңғы жарық көрген басылымдарының көрмесі ұсынылды.

Магүлсім ЖАҢАБЕКОВА,
шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының оқытушысы

Филология факультетінде «Жүрегім менің – жанартау» атты өдеби-сазды кеш өтті

СТРАТЕГИИ СОВЛАДАНИЯ СО СТРЕССОМ

Продолжение. Начало на 1 стр.

Чем ближе ЕНТ (ВОУД, экзамены), тем усиленно бьется сердечко и поднимается уровень тревожности у обучающихся, влияющее на их психологическое самочувствие и физическое состояние. Педагоги каждодневно работают с выпускниками, переживая за учебный процесс и конечный продукт развития личности. Ведь в этом случае решается не только судьба человека, но и будет виден результат деятельности в формировании имиджа организации образования.

Сама педагогическая практика свидетельствует и психологические исследования в КазНУ показывают, что если даже обучающийся готов умственно, но не подготовлен психологически, то все результаты могут свестись к нулю. Болгарский психолог Г. Лозанов своими исследованиями доказал, что когда обучающиеся переживают или нервничают на экзамене (ЕНТ, ВОУД), то дорога в память закрывается. Неумение регулировать свои эмоции и совладать стратегиями в стрессовых ситуациях не дает человеку иногда вовремя сконцентрироваться и выполнить качественно задание. Ведь иногда дается только определенное время на выполнение задач, где необходимо показать свои умения и навыки.

По запросам педагогов в рамках научного проекта МОН РК 2511/ГФ «Арт- педагогика и арт-терапия для профилактики суицидального поведения молодежи в Казахстане: разработка научных основ и практических технологий» (руководитель — профессор кафедры педагогики и образовательного менеджмента Г. А. Касен) нами был разработан тренинг «Стратегии совладающего поведения человека в стрессовых ситуациях» и расписан в книге «Жизнестойкость: технологии и практикум в работе с воспитанниками детского дома» (автор З. М. Садвакасова).

В рамках сохранения психического и физического здоровья в КазНУ имеется проект «Здоровый образ жизни», где каждый преподаватель активно включается в работу по достижению главной цели «Стратегии-2050», внедряя в образовательный процесс внеаудиторные мероприятия.

Нами был организован ряд воспитательных мероприятий в рамках школы куратора-эдвайзера при кафедре педагогики и образовательного менеджмента по укреплению психического здоровья и совладанием своего поведения в стрессовых ситуациях: среди студентов 4 курса вуза по специальности «Педагогика и психология», «Социальная педагогика и самопознание» в рамках дисциплин «Девиянтология», «Технологии в работе с детьми девиантного поведения» и магистрантов 2 курса по дисциплине «Консультирование по социально-педагогической виктимологии»; в детском доме №2 г. Алматы для старшеклассников и администрации; в университете для кураторов-эдвайзеров всех факультетов в рамках «Школы куратора-эдвайзера» при кафедре педагогики и образовательного менеджмента факультета философии и политологии; в Профессиональной школе при КазНУ для администрации и педагогов.

Тренинги были организованы в интерактивном режиме через инновационные формы «Тур по галереи», «Круг», «Инструментатор». Более подробно можно ознакомиться в книге З. М. Садвакасовой «Инновационные формы учебно-воспитательного процесса в вузе», выпущенной за счет проекта МОН РК 1763/ГФ «Развитие креативности и творческих способностей студентов как фактор повышения интеллектуального потенциала Казахстана» (рук. профессор А. К. Мынбаева), а также на примере психолого-педагогических методик, помогающих освоить современные стратегии совладающего поведения человека в стрессовых ситуациях.

Таким образом, альтернативы в здоровьесберегающих технологиях предложенные в воспитательных мероприятиях помогут человеку противостоять стрессам и быть конкурентоспособным в любой ситуации и деятельности.

З. М. САДВАКАСОВА,

к.п.н., доцент кафедры педагогики
и образовательного менеджмента

ҰЛТ ТАҒДЫРЫ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ

Жуырда Әл-Фараби кітапханасында жазушы-дәрігер, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор Совет-Хан Ғаббасовпен кездесу болып өтті.

Жастар қауымымен кездесуге келген жазушы, ел азаматы Совет-Хан Ғаббасов жиында: «Армысыздар менің келешектерім! Шақырғандарыңызға көп рахмет! Мен бүгін сіздерге ерекше толқып келдім. Толкитын себебім, Мағжан ақын «Мен жастарға сенемін!» дегендей, сіздердің мойындарыңызда үлкен әрі міндетті қарыз тұр. Бүгінгі таңда тек қана жастар шешетін дүниелер бар. Міне, осы кездесуімізде сол мәселелер жайлы сіздермен сырласатын боламыз», — деп сөз бастады. Одан әрі жастар тәрбиесі, білімі, еңбегі жөнінде өзінің ішкі ой-толғанысын шынайы жеткізіп, жастарға арнап өнегелі өмірінің кейбір тұстарынан тәлім боларлық мәлімет берді, ақыл-кеңесін айтты. Сонымен қатар кеш қатысушылары ел ағасының халқына еткен қызметі мен шығармашылығы жайлы сөз қозғады. Филология және әлем тілдері факультетінің 2-курс магистранты Салтанат Мінайхан жазушы ағаға арнап өлең оқыды. Ұстаз ақын ризашылығын



білдіре отырып: «ҚазҰУ-дай қара шаңырақ — біздің мақтанышымыз. Бұл шаңырақтан қаншама ел қамын ойлайтын азаматтар қанат қақты. Университет түлектері бүгінде түрлі салаларда белсенді қызмет студе», — деп атап өтті. Ол жастарға 2011 жылы

жарық көрген үш томдық туындыларын таныстырып, өзі жазған «Кәусар» атты ғылыми фантастикалық романды оқуға шақырды. Студенттерге қарата: «Оқындар! Оқуда қанаттарың талмасын!» — деп, ішкі бұлқыныстан туған ойларын жеткізді.

Кездесу соңында «Қан жүрісі — жүрек тынысы», «Дәрігер келгенге дейінгі көмек», «Қатерлі ісіктің алдын алуға бола ма?» атты қазақ тілінде жарық көрген кітаптар мен 55-тен аса ғылыми мақаланың авторы Совет-Хан Ғаббасов саналы ұрпақ тәрбиелеуде жастардың орны ерекше екенін айтып, әл-Фараби кітапханасына өзінің кітаптарын сыйға тартты. Жазушының «Қыран қия», «Ана жүрегі», «Өскен ұя», «Серпер», «Порыв» «Нәзік сезім», «Кәусар», «Мейірім», «Воззрение», «Көңіл құсы» сынды еңбектері жиналған қауым арасында кеңінен талқыға түсті. Алматы мемлекеттік медициналық институтының емдеу факультетін бітірген дәрігер-ғалым әдебиет пен медицинаны ұштастырып, бірнеше туындыларды жарыққа шығарған.

Өз тілшімізден

Әл-Фараби логикасы



Философия және саясаттану факультетінде философия кафедрасы және «Кіші Фараби академиясының» ұйымдастыруымен «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында Әл-Фарабидің логикалық трактаттарын талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелде, алдымен философия мамандығының 2-курс студенті Назерке Спатай Әл-Фарабидің логикалық трактаттары жайлы баяндама жасады. Өз баяндамасында ол Фарабидің логика ілімін шама-шарқынша жан-жақты зерделеп, студенттерге логика төңірегінде көптеген қызықты мағлұматтар берді. Осы мамандықтың 3-курс студенті Бекен Нурадин «Әл-Фарабидің логика ілімінің әлемдік өркениетке қосқан үлесі» тақырыбында сөз сөйлеп, көптеген ғылыми-мәдени мәселелердің басын ашып, пікірталас туғызды. Ал философия

мамандығының 2-курс студенті Алина Қалыпбекова «Логикаға кіріспе» баяндамасында «силлогистикалық өнердің» түрлерін жан-жақты ғылыми-теориялық тұрғыдан өте жақсы ашып берді. Студенттердің ізденісін байқатқан баяндамалардан соң, дөңгелек үстел қонақтары өздерінің терең философиялық ойларын ортаға салды. Сонымен қатар студенттерді толғандырып жүрген мәселелерді көтеріп, олардың білімге деген қызығушылықтарын, ізденістерін арттыра түсті. Студенттер өз тарапынан сұрақтар қойып, пікір білдірді.

Сондай-ақ фарабитанушы ғалым Ғ. Құрманғалиева логиканың практикалық маңызын кеңінен түсіндіріп, бұрын зерттелмеген Әл-Фарабидің логикаға байланысты еңбектерімен таныстырды. Ал С. Бөлекбаев дұрыс, қатесіз ойлаудың Қазақстанның дамуына, яғни материалдық және рухани мәдениетке әсер ететіні туралы айтып, студенттерге үлкен ой салды.

Осындай шаралар студенттердің ой өрісінің жан-жақты дамуына ықпал етеріне мол. ҚазҰУ студенттеріне Фараби бабамыздың ғылыми мұраларын білу парыз.

П.М. СҮЛЕЙМЕНОВ,

«Кіші Фараби академиясының» жетекшісі,
философия кафедрасының доценті

В библиотеке Аль-Фараби КазНУ прошла встреча с писателем-врачом, доктором
медицинских и педагогических наук, профессором Совет-Ханом Габбасовым

■ МЕРЕЙТОЙ

Қызығы мен қиындығы қатар жүретін бұл өмірдің бұралаң-бұлтарысы көп ұзақ жолында өз мамандығын адаспай таңдап, шебер меңгерген жанның бірі – ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің белді ұстазы Мұқанова Заира Айқынқызы.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Заира апайды баршамыз өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға ретінде жақсы білеміз. Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық қасиеттер Заира Айқынқызын қатардағы ұстаздардан ерек етіп көрсететіні анық. Ол А.Х. Азаматовамен бірлесе жазған «Латын тілі» атты оқулығы арқылы студенттердің білімге деген құлшынысын арттырып, жүйелі әдісті қалыптастыруға көп еңбек сіңірді. Терминологияның негізіне алынған латын тілін жетік меңгеріп, студенттеріне жеткізе білді. Көп жылдан бері осы салада тынымсыз еңбек етіп, көп белес-биіктерден өтті. Сондай-ақ «Тіл тынысы» клубының жетекшісі бола отырып, тұрмыстық мұқтажы кат-қабат тіршілікті ұдайы назарда ұстайтынын күнделікті өмірде көріп жүрміз. Үйдің де, түздің де шаруасын қатар тындырып, үлгеріп жүрген қоғамның белсенді мүшесі. Заира апай қарбалас жұмысымен қатар, ғылыммен айналысуға да уақыт тауып, кандидаттықты қорғады.

Білімі жоғары бағаланған ол әріптестер арасында бұлжымас беделге ие.

Заира Айқынқызы жаны жомарт, қамқор да талапшыл ұстаз. Аяулы жар ретіндегі абзал қасиеттері де тәнті етпей қоймайды. Осындай еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жеке басының кіршіксіздігі өзі, отбасы үшін ғана емес, канаттас жүрген әріптестері, тілектес дос-жарандары үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз. Әріптестері ғалымды ақылман ұстаз, іскер ұйымдастырушы, жарқын бастамалардың қолдаушысы ретінде ерекше бағалап, құрмет тұтады. Заира Айқынқызын мерейтойымен шын жүректен құттықтап, мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат тілейміз. Еңбекте толағай табыстарға жете беріңіз! Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының ұжымы

КӘСІБИ БАҒДАР

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде қазақстандық жастармен қоса шетелдік азаматтар да білім алуда. Әрбір жастың мектеп бітірген соң, үлкен өмірге бастар жолдағы алғашқы қадамы мамандық таңдаудан басталады. Бүгінгі тыңдаушы – ертең студент, ал студент – болашақ маман. Сауатты, білікті маман болып қана қою адамды бақытқа жеткізбейді. Шын мәнінде бақытты болғысы келсе, онда тыңдаушы жастар өзі қалаған мамандығы бойынша жан-жақты білім алуға тырысқаны жөн.



Әрине, мамандық таңдау оңай емес. Қалаған мамандығының қыр-сырын дұрыс білмей жатып оқуға түсіп, таңдаған мамандығына кейіннен көңілі толмай жүретіндер де кездеседі. Сол себепті біздің факультетте дұрыс бағыт беру мақсатында кәсіби бағдар беру танымдық сабағы дәстүрлі түрде өткізіледі. Сондай кезекті шара Ауғанстан Ислам Республикасынан келген тыңдаушылардың қатысуымен өтті.

Бағдарламашы болғысы келетін, физика саласында еңбек еткісі келетін тыңдаушылар универсиетіміздің физика-техникалық факультетіне барып, ондағы мамандық түрлерімен танысты, оқытушылар құрамымен кеңесті. Факультет басшылығы, кафедра меңгерушілері факультеттегі мамандықтар жайлы кеңінен мәлімет берді. Факультет басшылары мен ұстаздар ұжымы болашақ физиктерді өте жылы қабылдады, жастарға қосымша сабақ алу арқылы өздерінің білімін жетілдіруге арналған оқушылардың Виртуальды академиясымен, қашықтықтан оқу, онлайн режимі оқу жүйелері жайлы айтып берді.

Р.Т. НАРАЛИЕВА, Г.А. ТАСТЕМИРОВА

ӘР ЗАМАН ӨЗ ТАЛАБЫН АЛҒА ТАРТАДЫ

Қазіргі таңда физиканы оқытудағы мақсат – ғылымның жаңа мүмкіндіктерін меңгерген, алған білімдерін тәжірибемен ұштастыра білетін кадр дайындау, оқытушының міндеті – болашақ білгір физика мұғалімін даярлайтын орта құру. Сонымен қатар, бүгінгі жаһандану заманында кез келген ортаға бейім, еңбек нарығына еркін араласып, заман талабына сай қажеттіліктерін өтей алатын жан-жақты тұлға қалыптастыру маңызды.

Біздің жоғары дәрежелі ғылыми және шығармашылық әлеуетіміз – құнды капиталымыз. Оны одан әрі дамыту, жаңа өркениетті жағдайлар туғызу біздің қолымызда. Еліміздің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі білім жүйесімен, азаматтардың білімділігімен бағаланады. Ақпараттандыру – әлем елдерінің бәсекелестік жағдайында халықаралық дәрежеде өзара кірігу үрдістерінің жандану кезеңі болғандықтан, білім пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бүгінгі білім жүйесінің ерекшелігі – тек білім берумен ғана шектелмей, өз бетінше білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өздігінен өрлеуге қажеттілік тудыру.

ЖОО-да оқытудың мазмұнын іріктеу – бүгінгі таңда ғалымдардың, әдіскерлердің, оқытушылардың назарында. Өйткені физиканы, сол сияқты табиғи-ғылыми пәндерді оқытудың алуан түрлі тәсілдері бар. Оларды жасау және іске асыру барысында пәндер тілі қалыптасып, оқытудың құрылымы айқындалуда.

Қазақстанның әлемдік білім беру жүйесіне кіру үдерісі еліміздің ЖОО-дағы кредиттік оқыту технологиясының енгізілуімен тығыз байланысты. Ол – ерекшелену, білім беру траекториясының таңдамалылығы және білім ауқымын кредиттер түрінде есепке алу негізінде өз бетінше білім алу, шығармашылықты игеру, креативтілік деңгейін арттыруға



бағытталған білім беру жүйесі.

Болон үдерісі аясында оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығына үлкен көңіл бөлінуде. Академиялық ұтқырлық – еліміздегі жоғары оқу орындарының халықаралық білім кеңістігіне енуін қамтамасыз ететін жайттардың бірі. Ол қазіргі кезде тек әр елдегі университеттер арасындағы студент алмасумен ғана емес, интеллектуалдық өрлеудің, ғылыми және мәдени әлеует, ресурс, оқыту технологиясымен алмасуды көздейді.

Осы негізде болашақ физика мұғаліміне мынадай талаптар қойылады: әлеуметтік мәселелер мен процестерді

ғылыми тұрғыдан талдауға қабілетті және осы ғылымдардың әдіс-тәсілдерін әртүрлі кәсіптік іс-әрекетінде қолдануға дағдылану; кәсіптік іс-әрекеттің басқару механизмі мен ұйымдастыруын жетілдіру үшін ғылыми мәліметтердің

автоматтандырылған қор жинағын, ақпараттық-әдістемелік материалдарын және коммуникативтік желілерін қолдануға икемделу; іргелі физикалық заңдарды және физикада пайдаланылатын математикалық аппараттарды білу; физикалық және математикалық модельдерді жасау, әртүрлі құбылыстар мен процестерді болжау мен бейнелеу үшін қолдану; жоғары әдістемелік деңгейде әртүрлі оқыту қызмет түрлерін жүргізуге, оқушылармен тәрбиелік жұмыстарын ұйымдастыруға қабілетті болу; ғылыми зерттеулерін және орта оқу орындарында білім беру процесін ұйымдастыруға дағдылану; өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білу;

кәсіби қызмет саласында қолданылатын мәліметтерді жинаудың, сақтаудың және өндірудің компьютерлік әдістерін меңгеру; жоғары кәсіптік білімнің келесі сатысында білімін жалғастыруға қабілетті болуы керек. Осы талаптарды талдай келе болашақ физика мұғалімі қазіргі жедел қоғамда жана нәрсе жасауға, ерекше ойлар мен жана идеяларға сынақ жүргізуге, физикалық жағдайларға байланысты туындаған жана мәселелердің түйткілін ұтымды шеше білуге бейімделуі қажет екендігін, яғни, креатив тұлға болып қалыптасыру қажеттігін түсінуге болады.

Физика – табиғаттағы өзгерістерді зерттейтін ғылым. Физика құбылыстары мен заңдылықтарын студенттерге түсіндірудің бір қиындығы – олардың көбінің көзге көрінбейтін, қолмен сезінуге болмайтын құбылыстар екендігінде. Физиканы оқытуда креативтілікті қалыптастырудың мазмұны келесілер деп түсіндіреміз: физикалық заңдар мен құбылыстарды өндіріс пен техникада қолдана алуды үйрету; физикадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуды қалыптастыру; болашақ жас ұрпақты сапалы, шығармашылық қабілеті дамыған, креативті етіп тәрбиелеу.

Физикалық білім беру арқылы жеке тұлғаның қабілетін ашуға бағытталған дамытушы және инновациялық әдістерді кең көлемде енгізу, жана технологиялар негізінде қашықтықтан оқыту жүйесін дамыту жолы мен халықтың ауқымды сапалы білім беруге қолжетімділігін арттырудың да өзектілігі жоғары.

М.Қ. АСЕМБАЕВА,

жылуфизика және техникалық физика кафедрасының доценті м.а.



12 ақпанда Әл-Фараби кітапханасында «Central Asia Monitor» газетінің бас редакторы Бигелді Ғабдуллинмен кездесу өтеді

КАЗНУ – КУЗНИЦА ВОСТРЕБОВАННЫХ КАДРОВ

КазНУ – это ведущий национальный университет Казахстана. В январе текущего года вузу исполнилось 82 года, что позволяет продемонстрировать уровень его международной конкурентоспособности, соответствие требованиям современной отечественной и глобальной экономики. На сегодняшний день КазНУ занимает лидирующие позиции не только среди вузов РК и СНГ, но и в международных рейтингах.

К примеру, по рейтингу известной международной организации «Great-ValueColleges» КазНУ вошел в число 50-ти самых технологически развитых университетов мира, заняв в рейтинге 31 место. Следует отметить, что в рейтинге казахстанский вуз является единственным представителем не только стран-участниц СНГ, но и Восточной и Центральной Европы, а также наряду с Сингапуром и Японией пред—ставляет весь Азиатский континент.

В этих достижениях есть определенный вклад кафедры менеджмента и маркетинга Высшей школы экономики и бизнеса. Кафедра основана в 1995 году и первым ее заведующим был выдающийся организатор системы высшего образования Казахстана, член-корре—спондент НАН РК, доктор экономических наук, профессор, большой знаток казахской словесности К. Н. Нарibaев. Из состава 1995-1996 учебного года ныне работают доцент С. К. Джумабаев и профессор К. С. Мухтарова, которая ныне руководит кафедрой, сохраняя и продолжая заложенные тогда основы и традиции. Сегодня на кафедре работают 6 докторов экономических наук, профессоров, 2 доктора PhD (философии), 15 кандидатов наук и 11 магистров. Профессорско-преподавательский состав выиграл 4 гранта по фундаментальным исследованиям в конкурсе, объявленном МОН РК, издает учебники и учебные пособия на казахском, русском и английском языках, монографии и научные статьи в отечественных и зарубежных странах. В последние годы все чаще издают статьи в журналах индексируемых рейтингом Scopus в дальнем и ближнем зарубежье. Преподаватели кафедры ежегодно обновляют элективные курсы по выбору студентов, приближая их к требованиям работодателей.

Таким образом, на кафедре менеджмента и маркетинга сложился и совершенствуется компетентный профессорско-преподавательский состав, владеющий инновационными методами обучения, исследовательскими навыками и потенциалом. Прием студентов по программе бакалавриата проводится по таким специальностям, как: менеджмент, маркетинг, логистика (по отраслям), государственное и местное управление. В магистратуру принимают на специальности: менеджмент, инновационный менеджмент, управление проектами, маркетинг, государственное и местное управление. В докторантуре обучение проводится по специальностям: логистика (по отраслям), менеджмент, государственное и местное управление, инновационный менеджмент, управление проектами.

Стоит также отметить, что КазНУ – лидер по количеству размещенного

государственного образовательного заказа (грантов на обучение). Дополнительно к государственным образовательным грантам в университете ежегодно вручаются гранты ректора. В КазНУ существует гибкая система скидок и льгот на платное обучение.

Закончив программу бакалавриата в КазНУ и ныне являясь магистранткой 2-го курса, я несколько не жалею о своем выборе, более того горжусь обучением в данном вузе и его главными



имиджевыми характеристиками считаю престижность, качество образования, международный уровень подготовки преподавателей, активную и интересную студенческую жизнь. И уверена в том, что выпускники КазНУ имеют высокую конкурентоспособность на рынке трудоустройства. Это доказывает практика. Если посмотреть список выпускников университета, то обнаружим множество высокопоставленных лиц, элиту казахстанского общества. Это – министры, депутаты, акимы разных уровней, ректоры большинства университетов Казахстана, руководители крупных промышленных предприятий и банков как в нашей стране, так и за рубежом.

Известный писатель Р. Киплинг писал: «Образование – важнейшее из земных благ, если оно наивысшего качества. В противном случае оно совершенно бесполезно». В этом свете в КазНУ предоставлена уникальная возможность получить качественное образование и стать профессионалом своего дела.

М. Е. ЖУМАШЕВА,
магистрантка ВШЭБ, спец. «ГИМУ»
(руководитель) – Е. Б. ЖАТКАНБАЕВ,
д.э.н., профессор кафедры
менеджмента и маркетинга)

Психолог – психология мамандығы бойынша оқыған, дипломы мен арнайы теориялық білімі және практикалық тәжірибесі бар адам. Психологтар негізінен дені сау, бірақ қарым-қатынаста қолдау мен түсінуді қажет ететін адамдармен жұмыс істейді. Егерде адамда психикалық ауытқулар білінсе, психолог оны психиаторға жібереді.

Психолог не үшін керек?

Психология мамандығы көп салалы, әр психолог өзі тандаған саласы бойынша жұмыс атқарады. Мысалы, балалар психологиясы, отбасы психологиясы, клиникалық психология, заң психологиясы және т.б. Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетіндегі жалпы және қолданбалы психология кафедрасы кәсіби психолог маман даярлауда жетекші мекеме болып табылады. Бұл жерде көптеген кәсіби психологтар мен психология ғылымының докторлары аркасында қатар психологияның салалары да көбейе түсуде. Психологияның қай саласы болса да, адамның күнделікті іс-әрекетімен байланысты.

Қазіргі таңда медициналық психология адамның рухани денсаулығына үлкен көңіл бөлетін психологияның бір саласы болып табылады. Медициналық психология дегеніміз дәрігерлердің қызметі мен емделушілердің мінез-құлқын зерттейді. Яғни, дәрігерлер жұмыс кезінде адамдардың өте қиын халге ұшырағандарын көп көргені, емделушілердің өзіне қойған

жыл сайын түрлі психология саласында жұмыс істейтін кәсіби мамандар дайындап шығарылады.

Бірнеше саланы бірге атқаратын, сонымен қатар бір бағытта ғана жұмыс істейтін психологтар да бар. Адам қандай да қиындыққа тап болса, ол мәселенің психология арқылы шешілу жолдары көп. Яғни, мәселені шешу тек бір бағытта ғана емес, бірнеше психологиялық бағыт арқылы шешімін таба алады. Ондай бағыттардың бірі кеңесші психолог, ол сізбен мәселенізді талқылау барысында жағдайды түсіндіре отырып, сізге дұрыс шешім қабылдауға немесе мәселеніздің шешімін табуға сізді бағыттап отырады.

Гештальт терапевт те сіздің мәселенізді талқылай отырып, сезіміңізге, тілегіңіз бен қалауларыңызға көңіл бөледі. Ал арттерапия арқылы сіз өз мәселенізді қағазға түсіре отырып, оны сырттан талқылауға, адам сурет салып, өзінің ішкі сезімін, көңіл-күйін білдіруге мүмкіндік алады, өзіне жағымсыз жайттарды жеңіл қабылдайды. Күрделі мәселелерді шешудегі тағы бір психологияның бағыты нейро лингвистикалық бағдарламалау (НЛБ). НЛБ маманы сіздің мәселенізге қарай дұрыс шешімін табатын арнайы техниканы ұсынады. Адамзат дамуымен

нашар диагнозын естігені оларға өте қиын соғады. Олардың бастан кешкен қиындықтармен күресуінде психологтың жұмысы өте маңызды. Тағы бір саласы әскери психология, оның ең басты міндеті — азаматты ел-жұрты мен Отанын қорғауға қалқан болуға психологиялық тұрғыдан даярлау. Мұнда жауынгердің мінез-құлқы мен отаншылдық қасиетін тәрбиелеп қалыптастыру жағдайлары, басшылары мен бағынушылар арасындағы қарым-қатынасты реттеу жұмысы жүргізіледі. Психологиядағы тағы бір сала — заң психологиясы. Заң психологиясында психолог құқыққа қатысты мәселелерді тәжірибе жүзінде қолданудың психологиялық ерекшеліктерін, қылмыскерлер, айыптаушылар, куәгерлер психологиясын зерттеумен айналысады. Мұнда олар түрлі қылмыстарды ашуға қатысып, олардың қандай жағдайларда пайда болғанын, оның не себептен жасалғанын зерттеп отырады.

Нүргүл ТОҚСАНБАЕВА,
жалпы және қолданбалы психология
кафедрасының профессоры;
Маржан НАҒАШБЕКОВА,
2-курс магистрі

В рамках проекта «День отечественного кино» во Дворце студентов им. У.А. Жолдасбекова состоялся показ фильма «Құнанбай»



МӘНГІ ӨШПЕЙТІН
АҚЫНЫСЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ
(М.МАҚАТАЕВҚА АРНАУ)

Жүрегі ізгіліктен жаратылған,
Ел есінен кетпейді дара тұлған.
Нәр алып жырларымды ақтарамын,
Қазақтың дәл өзіндей данасынан.

Жасыннан қиындықты көп көріп ең,
Тайсалмаған асау өмір өткелінен.
Жыр жазған артта қалған ұрпағына
Мақтанам бір өзіндей өскен ермен.

Аққу боп көлде жүзгін тербетілген,
Келбетің өзгеше ғой жер бетінен.
Киелі Қарасазда туып өсіп,
Жыр жауқазын өрнегін селдетіп ең.

Даламда ойнақтаған киігіңе,
Хантәңірдің шықтың ең биігіне.
Жыр жазсам жарасады әрқашанда
Бәйгеден дара шыққан жүйрігіме.

Айтылмаған Мұханда арман бар ма?
Әр өлеңі толы ғой армандарға.
Шерте білген мұндарын жас қайыңға,
Дәл Мұхандай қазақта ақын бар ма?

ҚАЗАҚ ЕЛІМ

Айтам бүгін бұл жаһанның кендігін,
Мен тілеймін бай мен кедей теңдігін.
Жауға шапқан найза алып батырлар,
Жалықпаймын жырға қосып ерлігін.

Реніш бар, жазылар ма кеудемде,
Бойымдағы жетер күшім емдеуге.
Қиындыққа қарсы тұрам мойымай,
Бар жақсылық тілеп халқым сендерге.

Отаным деп бар жаһанға жар салам,
Айылмаған талай жырым бар саған.

Ершат ТІЛЕУХАН

1995 жылы 11 ақпанда Қытай елінде
өмірге келген. 2005 жылы ата-анасымен
Талдықорған қаласы,
Сарқан ауданына қоныс аударған. Бала
күнінен қолына қалам ұстап, өлең жазған.
Республикалық мүшәйралардың бірнеше дүркін
жеңімпазы. Бос уақытында кітап оқып,
спортпен айналысқанды ұнатады.
Қазіргі таңда ҚазҰУ-дың журналистика
факультетінің 2-курс студенті.

Пейілі кең, иманы бар қазағым,
Келсең маған құшақ жая қарсы алам.

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Құрметте сен, құрмет көрсет жастарға,
Азап күндер артта қалды жасқанба.
Баптап өзің, дұрыс қарап екпесең,
Қисық өсер өзің еккен жас тал да.

Қиындығы өзі-ақ кетер, жоғалар,
Бірі келер, бірі кетер, оңалар.
Тілің үшін, дінің үшін жастарым,
Аямандар күштеріңді қолда бар.

Болашақтың кілті мына жастарда,
Қолды созам арман қуып асқарға.
Не көрсем де аянбаймын ел үшін,
Суға батып, отқа күйіп жансам да.

Бір пендесі болсам деймін халқымның,
Мен қуанам шықса қазақ данқының.
Биік болсын қазағымның тұғыры
Ұзақ болсын шуақ шашқан алтын күн.

Арналады, туған елім, жыр әнім,
Елін сүйген мен бір қазақ ұланың.
Бүкіл әлем желбірегін төрінде
Биік тұрып көк байрағың, қыраның.
Оян, қазақ, көтерейік еңсені
Біз, жастар ғой, болашақтың ертеңі.
Жанын беріп ата-бабам қоғаған
Гүлдендіріп, көркейтейік өлкені.

Экспоны жеңіп алдық бүгінде,
Тәуелсіздік таны атып елімде.
Көрген азап сан ғасырғы ұмыт боп,
Қуаныштың жасы тамар көзінде.

Елім үшін еңбек етсем арманым,
Бабам салған сара жолын жалғадым.
Елбасымыз аман болса қазақтың,
Алла берер бірлік болса қалғанын.



ЖЕЛТОҚСАН ЫЗҒАРЫ

Сездіргендей қатал суық, желтоқсанның ызғарын,
Қалам алып терең оймен сол бір сәтті қозғадым.
Ар-намысын биік қойып азаттықтың жолында,
Құрбан болды Отан үшін отқа түсіп боздағын.

Не көрмедің, қайран қазақ, не көрмедің ел үшін,
Окка төсеп өр кеудесін ұлан-байтақ жер үшін.
Ұмытпайық сол кездерді, сонау қатал азапты,
Бұл қазағым көріп жатыр сендер берген жемісін.

Ерліктері үлгі бізге Ербол, Қайрат, Ләззаттың,
Құрсауында өмірі өтті қанша талай азаптың.
Әділдікті ұран етіп шықпаса олар майданға,
Еркіндіктің таны атып, келмес еді азат күн.

Көтер басты, көтеріндер, түсірмендер еңсені,
Болашағы елім дейтін, мына біздер ертеңгі.
Желтоқсанның оқиғасын ұмытпайық ешқашан,
Ту ғып ұстап шындықты,
олар алашым деп өртенді.

ҚҰЛАГЕР ЖЫР ЕШҚАШАНДА ӨЛМЕГЕН (ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВКЕ АРНАУ)

Мен арнаймын, арқалы акын, жырымды
Айту үшін өлеңменен сырымды.
Болмасам да ұқсау үшін талпынам,
Жалғау үшін мұрагер боп ізінді.

Өлең жазсам бай мұраңа тамсанып,
Нағыз дүлдүл дара шапқан баршаң ұқ.
Ақсудайын асау өзен жырынды
Айтып жатыр бар әлемге жар салып.

Құлагерсің бас бәйгені бермеген,
Жетісудің жүйрігісің өрлеген.
Қиса өмірін Батыраштың балтасы,
Асау жырың ешқашанда өлмеген.

Шарлап кетті бүгін байтақ даланы,
Шуақ шашып поэзия самалы.
Есейер деп менің өлең-өрімім,
Көкейімде үміт оты жанады.

Өлең жазып өзің жайлы толғанам,
Көкейімде сенің жырың орнаған.
Қызғалдақтай көктем сайын құлпырып,
Құлагер жыр ешқашанда солмаған.

Тарихына үнілсем мен зер салып,
Өзің жайлы айтып жатыр жар салып.
Тәубе етуде ұрпақтарың басына
Гүл шок қойып, қалам тербеп, жыр жазып.

Атты бүгін өзгеше бір таң күліп,
Сая болар асау жырың мәңгілік.
Бұл өмірден ерте озып кетсең де,
Сенің даусың естіледі жаңғырып.

Сіз тірісіз асқар таудай тұлғалым,
Сізге ұқсап қаламымды шыңдадым.

Дайындаған:
Қаламқас БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

В Государственном
республиканском корейском театре
музыкальной комедии состоялся
спектакль «Генерал Ко Сон Ди»,
поставленный режиссером Еленой
Ким по сценарию преподавателя
кафедры Дальнего Востока КазНУ
Чой Джи Ёнг.

На мероприятие пришли и студенты
корейского отделения факультета
востоковедения КазНУ. Спектакль
длился почти полтора часа, но
зрители воспринимали его на одном
дыхании. Захватывающие сцены боев,
сопровождаясь видеоподдержкой,
эффектные костюмы и грим, переносили
зрителя в ту историческую эпоху, в которой
происходили события.

Генерал Ко Сон Ди родился в Когуре
7-8 месяце 751 г. и командовал войсками
Танской империи. Когуре распалось в
результате постоянных нашествий армий



Танской династии и государства Силла
в 668 году. Около 200 тыс. когуресцев
насилованно угнаны в Китай, где
подвергались дискриминации. Однако
для продвижения по социальной лестнице
одним из способов явилось совершение

военных подвигов. Ко Са Ге (актер Р.
Цой, заслуженный работник культуры),
отец Ко Сон Ди попал в Китай пленником.
За всю свою долгую жизнь совершил
военные подвиги, за что получил высокую
воинскую должность.

Ко Сон Ди (артист И. Шин) как и
его отец, обладает выдающимися способностями и тактикой
ведения боев. Отец воспитал его как
истинного когуресца с сильным боевым
духом, порядочностью и мудростью.

Ко Сон Ди вошел в историю как
полководец, который совершил

вонные экспедиции на территорию всей
Центральной Азии и в страны запада от
Китая. Он потерпел поражение в битве на
Таласе. Ко Сон Ди пожертвовал всем во
имя становления Танской империи, но
конец концов был казнен по обвинению в
доносе.

Английский археолог Одель Ставин,
который исследовал страны Центральнорй
Азии, так писал о Ко Сон Ди, который
завоевал Памирское плато и Гиндукушские
горы: «Ко Сон Ди превосходит Наполеона
и Ганибала, он был великим генералом».

Студенты корейского отделения
факультета востоковедения наглядно
увидели примеры патриотизма, мужества,
порядочности и, конечно, получили
практические уроки в восприятии
изучаемого языка.

Юлия ТЕН

Философия және саясаттану факультетінде «Жасыл энергия индустриялық-
инновациялық дамудың желмаясы (EXPO-2017)» атты дөңгелек үстел өтті

Досхан Жолжақсынов:

«Өнер – өмір емес, ол өмірден де асқақ»

Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ҚазҰУ-дың «Отандық кино күні» жобасы аясында «Құнанбай» фильмінің көрсетілімі өтті. Отандық киноға қолдау білдіру мақсатында ұйымдастырылған дәстүрлі шараға кино режиссері әрі басты рөлді сомдаған актер Досхан Жолжақсыновтың өзі де келді.

Құнанбай заманының негізгі өзегін көрсете білген фильм 1 ай 18 күнде түсіріліп біткенімен, оған дайындық 5 жылға созылған. «Дайындық барысында менің образға кіріп кеткендігім соншалық, менің мұрныма сол заманның иісі келетін болды», – дейді актер.

Қазақ әдебиетінің классикалық туындысы «Абай жолы» эпопеясында Құнанбай жиынтық бейне ретінде суреттеліп, қазақ зиялысы Абайдың әкесі жайлы оқырманда жағымсыз пікір қалыптасып қалған. Басты кейіпкердің фильмдегі образы Құнанбайды қазақ қоғамына басқа қырынан танытты. Тарихи деректердің негізінде түсірілген туындыда Кенесары тақырыбының қозғалғандығы, Құнанбайдың билер кеңесінде шығарған үкімдері мен айтқан байламдары «малым –

жанымның, жаным – арымның садағасы» дейтін қазақ бейнесін көрсете білген.

12 мамырда тұсауын кескен көркем фильм отандық прокатқа шығып, өзінің бағасын алып жатыр. Айтар болсақ, XI «Еуразия» халықаралық кинофестивалінде НЕТПАК ұсынған «Үздік Орта Азия фильмі» аталымы бойынша Досхан Жолжақсыновтың «Құнанбай» фильмі үздік деп танылды. Көпшілік көрерменге арналған фильмге жастардың берер бағасын білу үшін Досхан Жолжақсынов көрсетілімнен кейін көркем туындыға байланысты туған сұрақтарға жауап беріп, киноиндустриядағы алға қойған жоспарларымен бөлісті.

«Өнер – өмір емес, ол өмірден де асқақ. Сондықтан болар кинодағы тұлғаларды біз қарабайырландыра алмаймыз, иеленіп те



кете алмаймыз. Ол бізге үлкен бойтұмардай қалбылданғаны былай тұрсын, ол – біздің әрқайсысымызға артылған үлкен жауапкершілік, – дей келе, – Мен Алаш зиялылары туралы, Тұмар ханшайым жайлы үлкен көркем туынды түсіргім келеді. Әрине, ол ойда бар дүние. Бірақ,

бәрі уақыттың еншісінде», – деді актер.

ҚазҰУ студенттері өз кезегінде қазақтың камын жеген біртуар азамат жайлы түсірілген кинодан алған әсерлерімен бөлісіп, Досхан Жолжақсыновқа алғыс білдірді.

Елдана ТОҚБАЙ

Бүгінгі өскелең ұрпақ бойындағы адамгершілік қасиеттерді жетілдіруде отбасындағы ата-ана тәрбиесінің, ортаның, қоғамның алатын орны ерекше. Өмірге келген әрбір жас ұрпақ өмірінің мәнді де маңызды болуы отбасының аман-саулығына тікелей байланысты. «Отан отбасынан басталады», «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген халқымыздың дара да даналы сөздерін үнемі жадымызда ұран етіп сақтасақ, әрбір ата-ананың өмірге алып келген ұрпағы үшін жауапкершілігі зор болар еді.

Алайда, бүгінгі таңда елімізде мемлекет қамқорлығындағы балалар үйімен қатар, тастанды, жетім балалардың тәрбиесімен айналысатын жекеменшік балалар үйлері жайлы естігенде жұдырықтай жүрек шымырлай түседі. Неге бұлай болды екен деген сұраққа терең күрсіне отырып жауап іздерің сөзсіз. Апырым-ай, шыр етіп дүние есігін ашқан сәбидің тағдыр тәлкегіне ұшырап, туған анасының аялы алақанында емес, мүлдем басқа жанның қолында тәрбиеленуі қалай? Амал қанша, бейкүнә сәби кеудесіндегі шерге толы сезімге ерік бермей, соны жеңу арқылы ғана қарақат көздерін күлімдетіп, маған да бұл өмірде орын бар екен, соны алу үшін алға ұмтылыс жасау керек деп түсінері сөзсіз. Бұл ойлар «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында жүзеге асқан физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының студенттері мен магистранттары, оқытушыларының Ақжар шағын ауданында орналасқан «Ақ үміт» жекеменшік балалар үйіне барған сапары барысында қалыптасты. Мұнда



бүгінгі таңда 4-6 жас және 9-14 жас аралығында 31 бала тәрбиеленуде.

«Бүгінгі таңда тәрбиеленуші балаларымыздың алансыз өмір сүруі үшін жағдайдың жасалуы – елімізде мейірімді, қайырымды жандардың күн өткен сайын көбеюінің арқасы, сол адамдардың көмек қолын созуының нәтижесі. Біздер оларға тек қана ризашылығымызды білдіреміз, тәрбиеленушілерімізге еліміздің белді азаматы болып өсуге баулып, соны жүзеге асыруды мақсат етсеңіздер, қайырымды жандарға көрсеткен құрметтеріңіз деп үнемі айтып түсіндіріп, жақсы жолға бағыттаймыз, – дейді балалар үйінің директоры Болысов Қалинұр Қасықбайұлы.

Бала тәрбиесіне тартылған қызметкерлердің барлығы да жоғары білімді мамандар. Бәрінің бойынан жас ұрпақтың өскелең өміріне ізгіліктің нұрын себуге, сол арқылы жақсы адам ретінде тәрбиелеуге деген жауапкершілік

ІЗГІЛІК НҰРЫ

сезіледі. Кафедрадан барған студенттер, магистранттар, оқытушылар әрбір баламен сырласып, оларды тыңдап, жылы сөздерімен өмірге деген талпыныстарын ұштауға тырысты. Кафедра ұжымы балалар үйінің тәрбиеленушілеріне күнделікті өмірде қажетті заттар мен ойыншықтарды сыйға тартты.

Мұнда тәрбиеленіп жатқан балалардың барлығының да ата-анасы бар екенін естігенде, тұла бойымызда қан жүрмей қалғандай сезімде болдық. Өмірдің бар қызығы – балаларын «тірі жетім» атандырған ата-анаға не жетпеді деген сұрақ мазалады. Бірақ жауабын таба алмай, күнәсіз сәбилерге қамқоршы болуға асықтық.

Е.ӘУБӘКІРОВ,

кафедра меңгерушісі;

Ж.ТАШМҰХАМБЕТОВА,

доцент

■ БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Әр күніңізге арналған пайдалы кеңестер

* Күніне кем дегенде 10-30 минут серуенденіз.

* Күніне кем дегенде 10 минут тыныштыққа болыңыз.

* Жеті сағаттан кем ұйықтамаңыз.

* Кітапты көп оқыңыз.

* Мүмкіндігінше бос уақытыңызды 70 жастан асқан қарттармен және 6 жастан кіші балалармен өткізіңіз.

* Арманданыз.

* Зауытта өндірілетін азық-түлікті азырақ, табиғи өнімдерді көбірек жеңіз.

* Алтын уақытыңызды өсек, өтірік айтуға жұмсамаңыз.

* Күніне кем дегенде үш адамға күлкі сыйланыз.

* Жағымсыз ойлардан арылыңыз. Жақсы нәрселерге көңіл бөліңіз. Өмір – мектеп. Біз өмірге сабақ алып, тәжірибе жинау, ақылды бола түсу үшін келдік.

* Біреуді жек көруге күш-жігеріңізді жұмсамаңыз, өйткені өмір тым қысқа.

* Өміріңізді өзгелердің өмірімен салыстырмаңыз. Жақсы көретін адамдарыңызды да басқалармен салыстырмаңыз. Сіздің бақытыңызды сізден артық ешкім ойламайды.

* Кешірімді болыңыз. Басқа кісілердің сіз туралы не ойлайтынын білу маңызды емес.

* Қызғану - уақытты босқа өткізу.

Massaget.kz

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**

Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**

Тілшілер: **Айгерім КАМАЛДИНОВА, Елдана ТОҚБАЙ**

Дизайнер – **Досхан БАЛАБЕКҰЛЫ**

Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**

Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана

Тапсырыс №70

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.